

Курчатов қалалық мәслихатының 2007 жылғы 20 шілдедегі 35/216-III "Салық салу мақсаты үшін Курчатов қаласының жерілерін аймақтарға бөлу сызбасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 48/366-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 8226 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабы 6-тармағына сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Курчатов қалалық мәслихатының 2007 жылғы 20 шілдедегі 35/216-III "Салық салу мақсаты үшін Курчатов қаласының жерілерін аймақтарға бөлу сызбасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-3-45 нөмірімен тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі келесі мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Курчатов қалалық мәслихатының хатшысы

Е. Иманмәдиев

Г. Қарымбаева